

VIII тарау
ЦИКЛОАЛКАНДАР
(АЛИЦИКЛДЫ КӨМІРСУТЕКТЕР)

1. Анықтамасы, жалпы сипаттамасы, классификациясы

Молекула құрамында тек көміртек атомдарынан құралған (сақиналары) циклдары бар, ароматты қасиеттері жоқ көмірсүтектерді циклоалкандар немесе алицикльды көмірсүтектер деп атайды.

Бұларды басқаша циклопарафиндер, нафтандер немесе полистилен көмірсүтектері (егер орынбасарлары жоқ болса) деп атайды. Олар C_nH_{2n} жалпы формуласымен сипатталады, $n=3,4,5,\dots$, т.с.с. бүтін сандар катары. Циклоалкандарда көміртек атомдары σ -байланыстармен байланысқан және sp^3 -гибридтегіс күйде. Құрамы C_nH_{2n} жалпы формуласымен сипатталғанымен, циклоалкандар гомологтар смес, себебі химиялық қасиеттері әртүрлі.


Циклоалкандар моноцикльды және бициклды болып бөлінеді.

Моноцикльды циклоалкандар циклдағы көміртек атомының санына қарай билайша бөлінеді:



- 1) уш мүшелі;
- 2) төрт мүшелі;
- 3) бес мүшелі;
- 4) алты мүшелі.

Бициклды циклоалкандар келесідей бөлінеді:

1) спироалкандар (спирондар), сгер екі циклдың бір ортақ көміртек атомы болса:



2) конденсацияланған циклоалкандар, бұлар скі циклдан тұратын және скі немесе одан да көп ортақ көміртек атомы бар алицикльдер. Оларды бициклоалкандар немесе көпіршелі циклоалкандар деп атайды:




2. Номенклатуры



Рационал номенклатура бойынша қаныққан алицикльды көмірсүтектерді мстилен CH_2 - тобының саны бойынша, мстилен сөзінің алдына грек сан ссімдерін қосып атайды.






Орынбасарлар болса, оларды негізгі циклдың алдында атайды:



Кейде алты мүшелі жүйелерді ароматты көмірсүтектердің (бензол, нафталин) аттарына **дигидро-, тетрагидро-** т.с.с. қосымшалар қосу арқылы атайды. Бұл қосымшалар ароматты көмірсүтекке қосылған сутек атомының санын көрсетеді:




ИЮПАК номенклатуры бойынша қаныққан циклды көмірсүтектерді циклоалкандар деп атайды. Циклоалкандардың аттары сәйкес алканның алдына **цикло-** қосымшасы қосылып пайда болады:





Циклоалкандардың бір валентті радикалдары -ан жүрнағының орнына -ил жүрнағы алмасып аталады: циклопропил, циклогексил, т.с.с..


Қанықлаған циклды көмірсутектер сәйкес циклоалкандардың атындағы -ан жүрнағының орнына -ен, -ин, -диен т.с.с. жүрнақтар жалғаңып аталады. Қос және үш байланыстардың орны ең аз цифрлармен нөмірленсүй тиіс:




Егер циклдағы сутек атомдары алкил радикалдарына орын басқан болса, олардың аттары циклдың атының алдына койылады. Бірнеше радикал болса, олардың орны цифрлармен көрсетіледі. Бір көміртек атомында екі радикал болуы **гем-** қосымшасымен (гем – егіз, латын) белгіленеді:




Бициклды алкандар аттары сәйкес алкандардың аттарының алдына **бицикло-** қосымшасы жалғануы арқылы түзіледі. Бициклды көмірсутектердің түйіндік дес аталағын (үшіншілік көміртск атомдары) көміртск атомдарының арасында үш көпірше болады. Әр көпіршедегі көміртек атомының саны бицикло- қосымшасынан кейін сынық жақшаның ішінде кему бағытында көрсетіледі. Ескерстін нэрсе, түйіндік көміртек атомдары саналмайды:



Бицикл жүйелерін түйіндік атомдардан бастап нөмірлейді. Сосын ең ұзын жолмен екінші түйіндік атомға қарай, одан кейін сұ ұзын жолмен бірінші түйіндік атомға қарай нөмірленеді:




бицикло [3,2,1] октан




бицикло [4,3,2] ундеңан

Қанықпаған бициклды қөмірсүтектер қанықпаған қөмірсүтектерге тән ережелер бойынша аталады. Нөмірлесіндес, мүмкіндігінше, қанықпаған қөміртек атомдары сұ аз нөмір алуға тиіс:




бицикло [2,2,1] гепт-2-ен

Егер бициклды қөмірсүтектердің ортақ бір ғана қөміртек атомы болса, оларды **спирокөмірсүтектер** (спирандар) деп атайды. Оларды атау үшін сәйкес алканның атының алдына **спиро-** қосымшасы жалғанып айттылады. Ортақ спироатоммен байланысқан қөміртек атомдарының саны сыйық жакшаның ішінде өсу ретімен көрсетіледі:



спиро [3,4] октан

Спирандарда қөміртек атомдарын нөмірлегендеге спироатомға ең жақын қөміртектен бастап, бірінші кіші сақина бойынша, сосын спироатомның өзін қамтып, ары қарай скінші сақинаны нөмірлайды:




спиро [4,5] декан


3. Изомериясы

Циклоалкандарда изомерияның келесі түрлері болады:


1) Циклдың ұлкендігі бойынша изомерия. Мысалы:



2) Циклдеги орынбасарлардың орны бойынша изомерия:



3) Бүйірлік тізбектегі изомерия:



4) Циклдарда С-С байланысынан еркін айналу мүмкін болмағандықтан, әр түрлі көміртек атомдарында әр түрлі орынбасарлар болса *цис*-*, транс*-изомерлер болады. Орынбасарлар цикл жазықтығының бір жағында орналасса – *цис*-*, ал екі жағында орналасса – *транс*-изомер деп аталады:*



Ескеретін жай, циклоалкандарда *цис*-*, транс*-изомерлер бір-біріне оңай өте алмайды, ол үшін цикл үзіліу керек. *Цис*-*, транс*-изомерлердің физикалық және химиялық қасиеттері әр түрлі болады.

4. Циклдардың тұрақтылығы және кернеулігі

Циклоалкандарды зерттей келе, олардың тұрақтылығы, химиялық қасиеттері көбінесе циклдың өлшеміне байланысты екендігі анықталды. Алғашында кіші циклдардың (үш-, төрт мүшелі) тұрақсыздығы белгілі болды. Олардың энергиясының жоғарылығы, мысалы, бір CH₂ тобына шаққанда жану энергиясының көптігінен байқалды.

Айтальық әр түрлі циклдар үшін жану энергиясының мәндері төмендегідей (кДж/моль):

Циклопропан - 695

Циклогексан - 657

Циклобутан - 686

Макроциклдар – 657- 660

Цикlopентан - 661

Ацикльды қосылыстар - 650

Циклоалкандардың тұрақтылығы мен олардың құрылышын байланыстыратын алғашқы теорияны А. Байер (1885 ж.) ұсынды. Байердің кернеулік теориясының негізінсөн көміртек атомының тетраэдрлік моделі (*sp³-гибридтеген*) алынды. Байердің теориясы бойынша: 1) циклды құрылымдардың бәрі жазық және дұрыс көпбұрыштар болуы тиіс; 2) валенттік бұрыштардың 109°28'-тан ауытқуы молекулада кернеу тудырады, яғни оның тұрақтылығын төмендетеді. Бұл ауытқу **кернеулік өлшемі (α)** деп аталады. Мысалы, циклопропан үшін (ішкі бұрышы 60°) былай есептеледі:

$$\alpha = \frac{109^0 29' - 60^0}{2} = 24^0 44'$$

Жалпы жағдайда n мүшелі цикл үшін бұл ауытқуды келесі формула бойынша есептеуге болады:

$$\alpha = 109^0 29' - \frac{180^0(n-2)}{2},$$

мұнда, 180°(n-2)/n – n қабырғалы дұрыс көпбұрыштың ішкі бұрышы. Осылайша есептелген ауытқу мәндері алғашқы бірнеше цикл үшін төмендегідей:

Циклопропан +24°44'

Циклогексан -5°16'

Циклобутан +9°44'

Циклогептантан -9°33'

Цикlopентан +0°44'

Циклооктантан -12°51'

Бұл ауытқу мәндері бойынша цикlopентан сұ тұрақты, одан кейінгі орында циклогексан болуы тиіс. Ары қарай тұрақтылық одан әрі кеміп, макроциклдар мүлдем тұрақсыз болуы керек еді. Шын мәнінде, Байердің болжамы бес мүшелі циклға дейін ғана дұрыс орындалады да, ары қарай шындыққа сәйкес келмейді: циклогексан цикlopентантанға қарағанда берігірек. Макроциклдарда да кернсуліктің жоғарылауы байқалмайды.


Бұл қарама-қайшылықтардың бір себебін Мор және Сакс (1919 ж.) көрсетті: циклдардың жазық болуы шарт смес, тек үш мүшелі цикл ғана жазық (үш нұктес әрқашан бір жазықтықта жатады). Сонымен бірге, бұрыштық кернсу – циклдарда болатын және тұрақтылыққа есеп ететін кернеулердің бірі ғана екен. Байердің бұрыштық кернсуінен басқа, алицикльды қосылыстардың тұрақтылығына келесідей кернсулер есеп етеді:

1) торсиондық (бұрушы) кернеу. Бұл кернеу ең тиімді болып табылатын «тежелген» конформациядан «бұркслен» күйге ауытқуға байланысты пайда болады («Алкандар, конформациялық талдау» қарандыз);

- жакындаған атомдардың бір-бірінен тебілуіне байланысты кернеу;
- атомаралық қашықтықтың өзгеруіне байланысты кернеу.

Енді кейбір циклоалкандардың құрылышын қарастырып көрейік.

Циклопропан жоғарыда айтқанымыздай, ауытқу бұрышы сұн көп ($24^{\circ}44'$), ең кернеулі жүйе. Шын мәнінде, C-C байланыстарының арасындағы бұрыш 104° ($109^{\circ}28'$). Зерттеулер көрсеткендегі, бұл – циклопропандың көміртек атомдарының гибридтелеуі өзгеруінс байланысты (sp^2 -гс жақын). Мұның нәтижесінде орбитальдердің кемірек бүркесуі (τ -байланыс, банан байланысы) кернеуліктің кемуімен артығымен орны толады (16-сурет).




16-сурет. Циклопропан молекуласындағы σ - және τ -байланыстар

Циклобутан мен циклопентанда кернеулік тәмендеу. Алайда, бұл циклдар жазық емес. Себебі, бір көміртек атомы ылғы жазықтықтан шығып кетіп тұрады. Сондықтан бұл сакиналар тербелмелі қозғалыста болып, нәтижесінде кернеулік тәмсідейді.

Циклогексан ең көп зерттелген алицикл. Циклогексанның моделін салған кезде бұрыштық кернеу жазық емес «орындық» («кресло») және «астау» («ванна») конформацияларында ең аз болатыны анықталды:




Алайда, Ньюмсннің конформациялық талдау әдісімен қарастырақ, «орындық» конформациясында торсиондық кернеу мүлдем жоқ екенин байқаймыз (барлық көміртек атомы тежелгендікке деңгээлдік конформацияда 17-сурет).




17-сурет. Циклогексанның «орындық» (а) және «астау» (ә) конформациялары

Ал «астау» конформациясында ол топгардың бәрі бүркелген конформацияда. «Астау» конформациясының кернеулігі 33 кДж/моль энергияға көм. Бұл энергия аса көп емес, сондықтан көдімгі жағдайларда (20°C) секундына 10^5 рет инверсияға шырайды:




Инверсия «астау» конформациясы арқылы өтеді, бірақ циклогексан негізінен «орындық» конформациясында болады. Бұл кезде барлық экваториалды сутек атомдары аксиалдыға айналады және керісінше (ол туралы сәл кейінрек тоқталамыз).

Егер «астау» конформациясын бұрасақ, «твист»-конформацияға өтуге болады, оның кернесулігі «орындықтан» 21 кДж/моль-ге артық, яғни «астаудан» тиімдірек:




Бұл конформациялық айналымдардың энергетикасын 18-суретten көрсөздер:



18-сурет. Циклогексан молекуласында конформациялық айналымдардың энергетикасы

«Орындық» конформациясында циклогексанның 12 С-Н байланысын бағытталуы бойынша екі топқа бөлуге болады. Алты сутек атомы сақина жазықтығынан радиалды (молекуланың шеңберге қарай) орналасқан. Оларды экваториалды сутек атомдары (Нc) немесе байланыстар (e-байланыс) деп атайды. Қалған алты С-Н байланысы сақина жазықтығына перпендикуляр (шамамен) орналасқан. Оларды **аксиалды** сутек атомдары (Нa) немесе байланыстар (a-байланыс) деп атайды. Олардың үшешінде жазықтықтың бір жағына (айталиқ, астына) бағытталған. Циклогексанның 6 көміртек атомының әркайсысында бір экваториалды және бір аксиалды сутек атомы бар.




Циклогексан молекуласында үлкен орынбасарлар, әдетте, экваториалды орналасады, кеңістіктік қындықтар азырақ.

Үлкенциклдар да жазық емес және валенттік бұрыштары ауытқусыз деуге болады. Сондықтан ете тұрақты. Алайда 8-11 мүшелі орташа циклдарда атомдардың жоғары тығыздығына байланысты кернесу пайда болады. Оларда әрекеттесу химиялық байланыстар тізбегі бойында емес, тікслей цикл арқылы жүруі мүмкін.

5. Алу жолдары


Циклоалкандар (цикlopентан, циклогексан) табигатта бірқатар мұнайлардың (Баку, Украина) басты құрамдас бөлігі. Циклоалкандарды мұнайдан алғаш тапқан В.В. Марковников, оларға нафтандер («naphtha» – мұнай, грек) деген ат берді. Сонымен бірге циклоалкандар өсімдіктердің эфирлік майларында кездеседі. Циклогексанның гомологы – 1-метил-4-изопропилциклогексан көптеген терпендердің (маңызды табиги қосылыстар) інгізі болып табылады.

1) Негұрлым жалпы алу әдісі, алкандардың дигалоген туындыларына металдармен әсер ету (Г.Г. Густавсон синтезі). Бұл әдіспен үш, төрт, бес мүшелі циклдар алынады:




Осыған үқсас реакция – натриймен де жүреді (Вюрктың молекулаішілік реакциясы).

2) Екі негізді қышқылдардың кальций немесе торий түздарының пиролиздеу (Ружичка). Бұл әдіспен бес жәнс одан да көп мүшелі циклдар алуға болады:




Түзілген кетонды тотықсыздандырып (гидролеп), сәйкес циклоалкан алуға болады.

3) Бензол және оның гомологтарын гидрлеу:



метилциклогексан

4) Диен синтезі:



бутадиен-1,3

4-винилициклогексен-1

6. Физикалық қасиеттері

Циклоалкандардың негізгі физикалық қасиеттері 11-кестеде көлтірілген. Алғашқы екеуі C_3 - C_4 – газ, C_5 - C_{10} – сұйық, одан жоғарылары қатты заттар. Циклоалкандардың балку, қайнау температуралары, тығыздықтары сәйкес алкандармен салыстырғанда біраз жоғары. Суда срімейді.

Кейбір циклоарафиндердің физикалық қасиеттері

11-кесте

| Аталуы | Формуласы | $t_b, ^\circ C$ | $t_g, ^\circ C$ | d_4^{20} |
|-----------------|----------------|-----------------|-----------------|----------------|
| Циклопропан | C_3H_6 | -127,4 | -33,3 | 0,689 (400 °C) |
| Циклобутан | C_4H_8 | -90,2 | +12,9 | 0,703 |
| Циклопентан | C_5H_{10} | -93,8 | 49,3 | 0,745 |
| Циклогексан | C_6H_{12} | +6,5 | 80,7 | 0,779 |
| Циклононан | C_9H_{18} | 11 | 178 | 0,850 |
| Циклотриаконтан | $C_{30}H_{60}$ | 56 | - | 0,854 |


7. Химиялық қасиеттері

Химиялық қасиеттері бойынша кіші циклдар (циклопропан, циклобутан, эсіресе циклопропан) қосылу реакцияларына бейім, нотижесіндецикл үзліп, алкандар және оның туындылары түзіледі. Ал одан жоғары циклдар, негізінен, алкандар тәрізді – радикалдық орынбасу реакцияларына бейім. Бұл айтылған жағдайлар жоғарыда карастырған – циклоалкандардың тұрақтылығына, олардағы байланыстың сипатына байланысты. Еске түсіре көтейік, циклопропан – ең тұрақсыз цикл болатын, оның себебі – кернеуліктің жоғарылығы, байланыстың


ерекшелігі (τ -немесе банан байланысы). Айтып отырган банан байланысының ерекшелігі – байланыс түзу бойында емес, оның сыртында жузеге асады (16-сурст қараныз). Бұркесу едәүір az болғандықтан τ -байланыс σ -байланысқа қарағанда әлсіздеу келеді. Осы себепті циклопропанда қанықпағандық пайда болады (алкендерге ұқсас деуге болады).

Сонымен, циклоалкандардың химиялық қасиеттері циклдың өлшемінс байланысты. Сондықтан олардың химиялық қасиеттерін осы тұрғыдан қарастырамыз.


1) Гидрлеу реакциясы циклдардың тұрақтылығының олардың үлкендігіне тәуелділігін жақсы сипаттайтыды: циклдың ашылуы үшін қажетті температура артады:




Циклогексан циклы бұл жағдайда ашылмайды, оның орнына дегидрленіп, бензол түзіледі:




2) Галогендердің әсері. Циклопропан және оның туындылары галогендердің әсерінен үзіліп, алкандардың дигалогентуындылары түзіледі. Мысалы:




Циклобутанға бром қынырақ, тек жоғары температурада қосылады:



Циклопентан, циклогексан жәнс одан жоғарыларында галогендердің әсерінен сақина үзілмейді, галогенге орынбасу реакциясы жүреді:




3) Галогенсүтектердің әсері. Циклопропан және оның алкилтындылары галогенсүтектердің онай қосып алады. Цикл үзіліп, галогеналкил түзіледі. Алкилтындыларында қосылу Марковников ережесі бойынша жүреді:



Циклобутанмен реакция қылышта, қыздырганда жүреді. Одан жоғарғы циклдар галогенсүтектермен әрекеттеспейді.

4) Тотығу. Циклопропан және оның туындылары кәдімгі температурада бситарал немесе сілтілік ортада калий перманганатымен баяу тотығады. Күшті тотықтырыштардың әсерінен және қыздырганда одан жоғарғы циклоалкандар да тотығып, ашық тізбекті, көміртек атомының саны циклоалкандағыдан екі негізі қышқыл түзіледі:



8. Маңызды өкілдері

Циклопропан – түссіз, иіссіз газ, $t_k = 34$ °C, 1,3-дибромпропанға мырыш тозаңымен әсер сту арқылы алады. Суда ерімейді, органикалық еріткіштерде сриді, ауамен жарылғыш қоспа түзеді. Медицинада жалпы анестезиялау үшін колданылады.

Циклопентан мұнай құрамында болады. $t_k = -49,5$ °C, сұйықтық. Жанаармайларға сапасын арттыру үшін қосылады. Мұнайдан ректификациялау арқылы алады.

Циклогексан мұнай құрамында болады. Мұнайды айдал бөлу арқылы және бензолды гидрлеу арқылы алады. Түссіз сұйықтық, $t_k = 81$ °C. Еріткіш ретінде, циклогексанол, циклогексанон, адипин қышқылын, капролактам алу үшін колданылады.